



Студенттер мен жас ғалымдардың  
**«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»**  
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ**

XIII Международная научная конференция  
студентов и молодых ученых  
**«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»**

The XIII International Scientific Conference  
for Students and Young Scientists  
**«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»**



12<sup>th</sup> April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«Ғылым және білім - 2018»  
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XIII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS  
of the XIII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«Science and education - 2018»**

**2018 жыл 12 сәуір**

**Астана**

**УДК 378**

**ББК 74.58**

**Ғ 96**

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

**ISBN 978-9965-31-997-6**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2018

## ШУРА-И-ИСЛАМ ПАРТИЯСЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ ТАРИХЫ

**Әбдінәсір Назира Нұрқожақызы**

nazzira.abdinassir@gmail.com

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Тарих факультетінің магистранты,

Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі-С.И. Ковальская

Ресейдің басқару жүйесіне қарсылық етумен байланысты 1916 жылы болып өткен ақпан және қазан көтерілістері Ресей құрамындағы халықтың саяси жағынан өсіп жетілуіне алып келді. Ақпан революциясын Түркістан халқы ерекше ықыласпен қабылдады. Өйткені олардың ұраны еркіндік, теңдік, ағайындық болды және бұл Ресейдің колониялық саясатынан әбден басылған халық жүрегіне сенім мен үміт орнатты. Бұл жайлы Самарқандта шыққан «Хуррият» газетінде: «Біз көптен күткен, сабырсыздықпен армандаған революция Ресейде орын алды. Ескі ережелер алынып тасталды. Енді бізге еркіндік берілді. Бізде сөз еркіндігі бар, енді не десек те ешкім біздің аузымызды жаппайды. Біз өз талаптарымызды айтқанда, бізді тыңдайтын болады», - деп көрсетті.

Осылайша көптеген қалаларда және кишлактарда митингтер мен манифестация болып өтті. Негізгі мақсат демократиялық, қоғамдық ұйым құру болды.

Дегенмен де ақпан төңкерісінің демократиялық күшіне деген сенім нәтижелері өзін толық ақтай алмады. Берілген уәделер орндалмай, тек декларация жүзінде ғана сақталып қалды. Әсіресе, өз тағдырын өзі анықтауға, еркіндікке сенген Түркістан халқының сенімі мүлдем ақталмай, тіпті өзгеріссіз қалды.

Ақпан революциясына деген қарама-қайшылық Уақытша үкіметтің алғашқы қадамдарынан бастап біліне бастады. «Ақпандық жаңару» деп аталатын саяси жағдай ешқандай ізгеріс алып келмеді, тіпті бұрынғы қатігез жағдай ешқандай өзгеріссіз қалып қойды.

Патшалық Ресей саясатына қарсы ХХ ғасыр басында көптеген идеялар, көзқарас сонымен қатар қарама қайшылықтар орын алғанын болып өткен тарихи оқиғалар түсінікті болу үшін, екіге бөліп қарастыруымызға болады. Оңшылдар және солшылдар тобы.

Оңшылдар консервативті идеологияны жалғастырушы болып, жергілікті әкімшіліктің феодалдық, қасиетті деп санаған көзқарасын ұстанды. Патша билігі кезінде оңшылдар тобы толығымен колониалды әкімшіліктің өзін өзі басқару саясаты жақтады. Ақпан революциясында да патриархалды феодалды күнделікті өмірде сақтауды жақтады, уақытша үкімет билігін қолдады.

Солшылдар тобының олардан біраз айырмашылығы болды. Олар революцияға дейін еркіндікті және бұрынғы хандық дәуірдегі шарифат заңына негізделген жериеленушілер мен мұсылмандар рухын жақтаушы болды. Революциядан соң демократияға бет бұрды, бірақ тәртіп шарифат заңына негізделді. Осы солшылдар тобының идеясын көрсеткен саяси ұйым «Шура Уламо» болды.

Солшылдар және оңшылдар тобы ортасында «ортаңғылар» болды. Олар жаңартылған құрылым жүйесін жақтап, заманауи болу жүйесін жақтады деуге болады. Оларды «прогресшілдер» деп те атауға болады. Оған бірнеше саяси ұйымдарды жатқызамыз: «Шуро Исломия», «Турк адами марказияти фиркаси», «Алаш-Орда» т.б.

14 наурыз күні, сағат кешкі сегіздер шамасында мұсылмандар тобының белсенді жетекшілерінің бірі болған Абдували Ходжа үйінде өкілдер ұйымының алғашқы отырысы болып өтеді. Оның құрамына қазақ және татар халқынан шыққан 61 адам кірді. Өздеріне «Шура Ислом» немесе «Шуро Исломия» деген ат қояды. Өзбек тілінен аударғанда «Шуро» сөзі «Кеңес»

деген мағынаны білдіреді. Осы ұйым қатысушылары сол кездерде халық арасында атақты болған «Барлық билік кеңеске» деген ұранды ұстады.

Ал Камол Абдуллаев еңбектеріне қарайтын болсақ, Шура-Ислам партиясы құрамына тек қана татар мен қазақ тобынан құралмағаны баяндалады. Оның құрамына білімді де бақуатты қазақ, өзбек, татар және де басқа ұлттың әлеуметтік топтары қосылды. Оны басқарған Мунаввар Кари Абдурашидханов болды.

Ал үлкен қалаларда жұмысшы мұсылман депутаттарының кеңесі құрыла бастады. Мұсылман халқының саяси партиялары және өкілетті органдары Ресейдің болашақ басқару жүйесін Түркістан діни ұйымымен байланыстыра отырып талқылап, тиімді шешім қабылдауға жақ болды.

Шура-И-ислами ұйымын құру бастамасымен 1917 жылы сәуірде шақырылған Түркістан мұсылмандарының бірінші съезінде, Орта Азияның мұсылмандық ұйымдары Түркістан өлкелік мұсылмандық кеңесін құрды. Кейіннен бұл кеңес «Түркістан Ұлттық ұйымы» немесе «Туркистон Милли Бирлиги» деп аталды. Осы ұйым өздеріне демократиялық құрылымды және де еркіндікті Түркістан халқына алып беруді өздеріне мақсат етіп қойды.

ТҰҰ (Түркістан Ұлттық ұйымы) басқарушысы болған Ресей мемлекеттік Думасының мұсылмандар фракциясының бірінші хатшысы Мұстафа Шоқай және Самарқандтан шыққан Махмуд Қожа Бехбуди, Ташкенттен шыққан Убайдулла және Асадулла қожалар болды.

ТҰҰ өз бөлімшелерін әр түрлі қалаларда орналастырды: Самарқандта (Бегбуди басқаруымен), Ферғанада (Насирхан Тура Камолхатураев), Жетісуда (қазақ инженері Тынышбаев М.), Ашхабадта (туркмен аристократы Ораз Сердар).

Ең бастапқы сәттерден бастап Шура-И-ислам ұйымы жалыресеулік демократиялық көтерілістерден қолдау іздеген және құранға негізделген шариғат жолын негізге алған джадидтермен күрес басталды. 1917 жылы, маусым айында жаңадан «Джамияти Уламо» (Мұсылман Сарапшылар ұйымы) құрды. Оның басқарушысы болған Ақмешіт, Торғай облысынан шыққан шығыстанушы, Самарқанд облысы әкімшілігінің шенеунігі Шерали Лапин болды. Улемистар діни құрылымның жақтаушысы болды, тұрмыстық өмірде бұрынғы патриархалдық-феодалдық құрылым негізінде болу керек деген қағиданы ұстанып, әйелдердер құқығын шектеп, өз ережелерін қатаң сақтаушы болды. Осыған қарамастан, Ташкент қалалық кеңес сайлауында 62% дауысты «Джамияти уламо» алып 11% «Шура ислами» 11% дауыс алды.

«Джамияти уламо» жеңісі орыстар және мұсылмандар арасында антогонизмді күшейтті.

Шура Ислами партиясының жалпы жиналысына қатысушылар ір түрлі комитет, қоғам, кеңес және партия өкілдері болды. Ұйыдастырушы және атқарушы қызметтер жалпы жиналыс шешімімен анықталып отырды. Осы ұйым «Шура Ислами» партиясының бөлімшелерін Түркістанның барлық қалалары мен кишлактарды құру керек деп шешті. Ал құжаттарды «Шура Ислам» Ташкенттің қол астындағы бір бөлімше деп көрсетілді. «Шура Ислам» жалпы жиналысының құрамына үлкен қалаларда 100 қатысушы мүшесі, кіші қалаларда 50 мүшесі болды. Жалпы алғандағы басқарушы құрамы 20-15 адамнан құралды.

«Шура Исламия» ұйымының құрылуы Түркістанның саяси өмірінде маңызды рол атқарды. Әсіресе, саяси күштердің тұрақтануына және де аймақтағы басқару құрылымына маңызды түзетулер мен өзгерістер алып келді. «Шура Ислам» ұйымының дамуымен Түркістанда Ресей басқару билігіне ұқсас қосбилік жүйесінің орнауына шек қойылды. Түркістанның саяси сахнасында айқын түрде үш билікті басқару жүйесі болды:

- Түркістан кеңесі Еуропа жұмысшы және әскері секілді, революциялық демократия көрстеуші, олардың қоғамға және Уақытша үкіметтің басқару жүйесіне ісер ете алу күші болды;
- Қоғамдық ұйымның атқарушы комитеті – кеңеспен салыстырғанда, көлемдірек, халықтың әлеуметтік және ұлттық тобының өкілдері, Уақытша үкімет орнын басуға үміткер болған демократиялық ұйым біріктірушілері;

• «Шура Исламия» мұсылман халқының еркіндігі мен қызығушылығын жақтаушы тікелей өкілі;

Осылайша «Шура Ислам» Түркістан халқының өмірінде, басқару жүйесінде негізгі рөл атқарған саяси мұсылмандық ұйым болды.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі:**

1. Нажмуудинович А. К. ОТ СИНЬЦЗЯНЯ ДО ХОРАСАНА Из истории среднеазиатской эмиграции XX века. - Душанбе «ИРФОН», 2009, 105-106с.
2. Агзамходжаев С. История Туркестанской Автономии. – Ташкент: Издательско-полиграфическое объединение «Тошкент ислом университети», 2006. – 64-69 с.
3. Абдуллаев Р.М., С.С. Агзамходжаев, И. А. Алимов и др. Туркестан в начале XX века: К истории истоков национальной независимости. -Ташкент: «Шарк», 2000. –23-25 с.

ӘОЖ 93/94

### **СИРЕК КЕЗДЕСЕТІН КІТАПТАР МЕН ҚОЛЖАЗБА ҚОРЫН ЖИНАҚТАУҒА АРНАЛҒАН МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАЛАР**

**Абилкайрова Айханым Шарипжановна**

abilkairovaaihanym@gmail.com

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті,

Тарих, археология және этнология факультетінің студенті, Алматы, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Мұқажанова Т.Н.

Тәуелсіз Қазақстан тарихында ел Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың халыққа Жолдаулары қалыптасқан Қазақстанды құру жолында маңызды тарихи кезеңдерге айналды.

Концептуалды және идеологиялық тұрғыдағы Жолдаулар Тұңғыш Президенттің бірегей саяси философиясымен бірігіп жатыр. Қазіргі мемлекет пен қоғамды құрудағы жалпыұлттық жобаның негізі болған сол философия мен идеялық матрицасына айналды. Елбасының дүниетаным принциптері мен көзқарастары, көп жағдайда тарихи уақыттан озып кетсе де, Қазақстаның түбегейлі саяси және әлеуметтік-экономикалық жаңғыртудың негізі болып табылады, сондай-ақ олар қазақстандық қоғамды рухани және саяси мәдениет тұрғысынан жаңғыртудың маңызды факторына айналды.

Еліміздің тарихында «Қазақстан-2030» стратегиясы деген атпен енген Н.Ә.Назарбаевтың бірінші Жолдаулары стратегиялық жоспарлау саласында саяси жаңашылдықтың үлгісі десек болады. Қазақстанды кешенді түрде жаңарту бағдарламасының траекториясы қазақстандық қоғам өмірінің барлық саласын реформалаудың сипаты мен тұрпатын көп жылдарға бұрын айқындап берді [1, б. 10-12].

2003 жылы Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың халыққа Жолдауында ерекше орын алған «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы болды. Бағдарлама халықтың үлкен мәдени мұрасын, оның ішінде заманауи ұлттық мәдениет, фольклор және салт-дәстүрлерін; ұлттық тарих үшін ерекше маңызы бар тарихи-мәдени және сәулет ескерткіштерін қалпына келтіру; ұлттық әдебиет пен жазбаның ғасырлар бойындағы тәжірибесін жалпылау; мемлекеттік тілде әлемдік ғылыми ойлар, мәдениет және әдебиет жетістіктерінің үздіктері негізінде толымды қор жасауды зерттеу жүйесін құруды қарастырады. «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы рухани және білім беруді дамыту салаларындағы негізгі құжат, стратегиялық ұлттық жоба болып табылады. Бағдарлама тарихи-мәдени дәстүрлерді қайта жаңғырту мен дамыту сабақтастығын, еліміздің мәдени мұрасын насихаттау, қолдану, сақтау